

**Кеңес Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы
ракетаға қарсы қорғаныс жүйелерін шектеу жөніндегі 1972 жылғы 26 мамырдағы
шартқа байланысты уағдаластықтар туралы меморандумды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 11 шілде N 233-ІІ

Нью-Йоркте 1997 жылғы 26 қыркүйекте жасалған Кеңес Социалистік
Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы ракетқа қарсы
қорғаныс жүйелерін шектеу жөніндегі 1972 жылғы 26 мамырдағы шартқа
байланысты уағдаластықтар туралы меморандум бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

**КЕҢЕС СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР
ОДАҒЫ МЕН АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ
АРАСЫНДАҒЫ РАКЕТАҒА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС
ЖҮЙЕЛЕРІН ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ 1972 ЖЫЛҒЫ
26 МАМЫРДАҒЫ ШАРТҚА БАЙЛАНЫСТЫ
УАҒДАЛАСТЫҚТАР ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

Осы Меморандумның мақсаттары үшін төменде Кеңес Социалистік Республикалар
Одағының (КСРО) құқығын иеленуші-мемлекеттер деп аталып отырған Беларусь
Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Украина және Америка
Қ ұ р а м а Ш т а т т а р ы ,

стратегиялық тұрақтылықты қолдау мақсатында, төменде Шарт деп аталатын Кеңес
Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы
Ракетаға қарсы қорғаныс жүйелерін шектеу туралы 1972 жылғы 26 мамырдағы
шарттың өмірлік қабілетін сақтаудың маңызын тани отырып,
Бұрынғы КСРО аумағында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы

нәтижесінде саяси ахуалдағы өзгерістерді тани отырып,

Шартқа байланысты төмендегілер туралы келісті:

I бап

Осы Меморандум күшіне енген кезде Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Украина және Америка Құрама Штаттары Шарттың Тараптары болып табылады.

II бап

КСРО құқығын иеленуші-мемлекеттер өздеріне бұрынғы КСРО-ның Шарт және соған байланысты құжаттар бойынша құқықтары мен міндеттерін қабылдайды.

III бап

КСРО құқығын иеленуші-мемлекеттің әрқайсысы өзінің аумағына қатысты және өзінің іс-әрекетіне қатысты, бұл мемлекеттің осындай іс-әрекетті дербес немесе кез келген басқа мемлекетпен бірлесіп қай жерде жүзеге асырғанына қарамастан, Шарт е р ж е л е р і н о р ы н д а й д ы .

IV бап

Шартты жүзеге асыру мақсаттары үшін:

а) "Кеңес Социалистік Республикалар Одағы" термині КСРО құқығын иеленуші-мемлекеттерді білдіреді;

б) "ұлттық аумақ" және "өз елінің аумағы" терминдері бұрынғы КСРО-ға қатысты КСРО құқығын иеленуші-мемлекеттердің ұлттық аумақтарының жиынтығын, ал "өз ұлттық аумағының шеткі аймақтары" термині бұрынғы КСРО-ға қатысты, аталған мемлекеттердің ұлттық аумақтары жиынтығының шеткі аймақтарын білдіреді; және

с) "астана" термині, ол Шарттың III бабында және оған 1974 жылғы 3-шілдедегі Хаттамада Кеңес Социалистік Республикалар Одағының астанасына сілтеме үшін пайдаланылған кезінде, Москва қаласын білдіре береді.

V бап

КСРО құқығын иеленуші-мемлекет немесе КСРО құқығын иеленуші-мемлекеттер осы Шарт ережелерінің күші жүретін және осы кезде Шарттың Тарабы болып табылмайтын кез келген мемлекеттің аумағында тұрған кез келген объектіні, осындай мемлекеттің келісімімен және бұндай объектіні пайдалану осы Шарттың ережелеріне сәйкес болып қалып отырған жағдайда, бұдан әрі де пайдалана алады.

VI бап

КСРО құқығын иеленуші-мемлекеттер, олардың бәрін бірге алғанда, Шарттың және, 1974 жылғы 3-шілдедегі Хаттамаларды қоса алғанда, оған байланысты құжаттардың ережелеріне сәйкес кез келген осы сәтте ракета шабуылына қарсы қорғаныс (РШҚ) жүйесі орналасқан бір ауданмен және жиынтығында РШҚ сынақ полигондарында он бестен аспайтын ракетаға қарсы іске қосу қондырғыларымен ш е к т е л е д і .

VII бап

Шарттың IX бабындағы және Шартқа байланысты "G" Бірлескен мәлімдемедегі міндеттемелердің КСРО құқығын иеленуші-мемлекеттің біреуінен осындай екінші мемлекетке берулерге және осындай мемлекеттер арасындағы берулерге қатысы жоқ.

VIII бап

Төменде Комиссия деп аталатын, Тұрақты консультативтік комиссия Шартпен және 1972 жылғы 21-желтоқсандағы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы Тұрақты

консультативтік комиссияны құруға қатысты Уағдаластықтар туралы меморандуммен, сондай-ақ Шарттың көп жақты сипатын және Комиссияда шешімдер қабылдау кезінде Тараптардың теңдей құқықтық статусын көрсететін Комиссия туралы ережемен көзделген тәртіпте қызмет етеді.

IX бап

1. Осы Меморандум оған қол қойған бұл мемлекеттердің конституциялық процедураларына сәйкес ратификацияға немесе бекітілуге жатады.

2. Осы Меморандумның депозитарийі қызметін Америка Құрама Штаттарының Үкіметі атқарады.

3. Осы Меморандум оған қол қойған барлық мемлекеттердің үкіметтері бұл Меморандумның ратификацияланғаны немесе бекітілгені туралы құжаттарды сақтауға тапсырған күні күшіне енеді және Шарт күшінде қалған уақытқа дейін қолданыста болады.

4. Осы Меморандумды ратификациялаған немесе бекіткен мемлекеттердің әрқайсысы 1972 жылғы 26 мамырдағы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Ракета шабуылына қарсы қорғаныс жүйелерін шектеу туралы шартқа байланысты 1997 жылғы 26 қыркүйектегі Бірінші келісілген мәлімдеменің және 1972 жылғы 26 мамырдағы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Ракета шабуылына қарсы қорғаныс жүйелерін шектеу туралы шартқа байланысты

1997 жылғы 26 қыркүйектегі Екінші келісілген мәлімдеменің ережелерімен байланысты болып табылады.

Нью-Йорк қаласында 1997 жылғы 26 қыркүйекте бес данада, әрқайсысы орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, сондай-ақ екі мәтіннің де күші бірдей.

БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҮШІН

УКРАИНА ҮШІН

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ҮШІН

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК